

Қ.Д. Рахимова\*<sup>1</sup>, Б.Ш. Батырхан<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті докторанты,  
Алматы қ., Қазақстан

E-mail: [kalamkas-72@mail.ru](mailto:kalamkas-72@mail.ru),

<sup>2</sup>PhD, доцент Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты

E-mail: [bolatkazakh@gmail.com](mailto:bolatkazakh@gmail.com)

### ИРАҢДА ҰЛТТЫҚ САНА МЕН ЗИЯТКЕРЛІК ОРТАНЫҢ ӨСУ КЕЗЕҢДЕРІ (1900 -1979)

#### Аңдатпа

Мақала Ирандағы ұлттық сананың қалыптасу кезеңдерін зерделеуге арналған. Мақалада Иран халқының ұлттық санасының қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлар талданады. Сондай-ақ автор Ирандағы ұлттық сананың қалыптасу кезеңдерін ұлттық саясат контекстінде және интеллектуалды ойдың өсу кезеңіне қатысты қарастырады. Иран елінің модернизациялану яғни, жаңғыру кезеңдерін қарастыра отырып, интеллектуалды ойдың өсу үдерісін сипаттайды. Ирандағы модернизация үдерісіндегі негізгі кезеңдер Конституциялық революция, «ақ революциясы» мен «ұлтшылдық идеялар» кезеңі, исламдық даму моделін құру кезеңінің ұлт санасына әкелген өзгерістерін зиялы қауым қызметі мен зиялы ойдың өрісін талдау арқылы ашады.

Ирандағы өткен тарихтың ортақтығы негізінде полиэтникалық қоғамнан біртұтас Иран ұлтын қалыптастыруға бағытталған стратегиясы және парсыландыру стратегиясының қоғамның саяси-әлеуметтік өміріндегі басымдылыққа ие болу факторына тоқталады. Осылайша ұлттық санадағы жаңғыру үдерісі зиялы қауым идеялары арқылы қарастырылады. Ұлт зиялыларының ұлттық бірегейлікті сақтау мен халықтың санасын ояту үшін жасаған әрекеттері арқылы ұлттық сананың өсу кезеңдері талданады.

Нәтижесінде, қоғамның барлық саласын қамтитын күрделі жаңғыру процесі және ұлттық сананы қалыптастырушы интеллектуалдардың зайырлы және діни ойларының өсу кезеңдері салыстырыла отырып талданады.

**Кілт сөздер:** Зиялы қауым, ұлттық сана, «бір тұтас Иран ұлты», ұлттық бірегейлік, батыстану, жаңғыру, жаһандану.

Мақала «Шығыс елдері: тарихи және заманауи өлшем тұрғысынан Қазақстан үшін геосаяси сын-қатерлер мен жаңа перспективалар» (№ BR20281006) ғылыми жобасы аясында дайындалды.

Қ.Д. Рахимова\*<sup>1</sup>, Б.Ш. Батырхан<sup>2</sup>

<sup>1</sup>докторант Казахского национального университета им Аль Фараби,  
г. Алматы, Казахстан, E-mail: [kalamkas-72@mail.ru](mailto:kalamkas-72@mail.ru)

<sup>2</sup>PhD, доцент Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова,  
г. Алматы, Казахстан, E-mail: [bolatkazakh@gmail.com](mailto:bolatkazakh@gmail.com)

### ЭТАПЫ РОСТА НАЦИОНАЛЬНОГО САМОСОЗНАНИЯ И ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ СРЕДЫ В ИРАНЕ (1900 -1979)

#### Аннотация

Статья посвящена изучению этапов формирования национального самосознания Ирана. Сделан анализ основных факторов, влияющих на формирование национального самосознания народа Ирана в условиях глобализации. Рассмотрены также этапы формирования национального самосознания в контексте национальной политики и этапов развития интеллектуальной мысли. Разбирая вехи

модернизации Ирана, автор описывает процесс развития интеллектуальной мысли. Определено влияние таких основных этапов процесса модернизации, как Конституционная революция, «белая революция», этап «националистических идей», этап строительства модели исламского развития на национальное самосознание через анализ роли интеллигенции и развития интеллектуальной мысли.

Подробно рассмотрен фактор приоритетности в социально-политической жизни общества стратегии персизации, направленной на формирование из полиэтнического общества единого народа Ирана на основе общей истории. Таким образом, процесс модернизации национального сознания рассматривается через идеи интеллигенции. Анализируются этапы роста национального сознания через действия национальной интеллигенции для сохранения национальной идентичности и пробуждения сознания народа.

В результате сделан сравнительный анализ сложного процесса модернизации, охватывающего все сферы жизни общества, этапы развития светской и религиозной мысли интеллектуалов, формирующих национальное самосознание.

**Ключевые слова:** Интеллигенция, национальное сознание» «Единая иранская нация», национальная идентичность, вестернизация, модернизация, глобализация.

*Статья подготовлена в рамках фундаментального научного исследования МНВО РК на тему: «Страны Востока: геополитические вызовы и новые перспективы для Казахстана в историческом и современном измерениих (№ BR20281006)*

*Kalamkas Rakhimova\*<sup>1</sup>, Bolatbek Batyrkhan<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

*E-mail: [kalamkas-72@mail.ru](mailto:kalamkas-72@mail.ru)*

*<sup>2</sup>PhD, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan*

*E-mail: [bolatkazakh@gmail.com](mailto:bolatkazakh@gmail.com)*

## **STAGES OF GROWTH OF NATIONAL CONSCIOUSNESS AND INTELLECTUAL ENVIRONMENT IN IRAN (1900 -1979)**

### *Abstract*

The article is devoted to the stages of the formation of the national consciousness of Iran. An analysis of the main factors influencing the formation of the national identity of the Iranian people in the context of globalization is made. The stages of the formation of national self-consciousness in the context of national policy and the stages of development of intellectual thought are also considered. Analyzing the milestones of the Iran's modernization, the author describes the process of development of intellectual thought. The influence of such main stages of the modernization process as the Constitutional Revolution, the White Revolution, the stages of nationalist ideas, the stage of building a model of Islamic development on national self-consciousness was determined through an analysis of the role of the intelligentsia and the development of intellectual thought.

The factor of priority in the socio-political life of the society the persianization strategy, aimed at the formation of a single people of Iran from a multi-ethnic society on the basis of a common history, which is considered details. As a result, a comparative analysis of the complex process of modernization was made, covering all spheres of society, the stages of development of secular and religious thought of intellectuals who form national self-consciousness.

**Keywords:** Intelligentsia, national consciousness" "United Iranian nation", national identity, Westernization, modernization, globalization

*The article was prepared within the framework of the fundamental scientific research of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan on the topic: "The countries of the East: geopolitical challenges and new prospects for Kazakhstan in historical and modern dimensions (№ BR20281006)*

### **Кіріспе**

Кез келген елдің тарихында қоғамның барлық салаларының күрт өзгеруіне әкелетін айырықша, шешуші кезеңдері бар. Қазіргі Иран үшін ондай кезең Конституцияны қабылдау үшін күрес және Ислам революциясы кезеңдері болды. Бұл екі оқиға да халықтың өмір салтын да, биліктің барлық институттарын да, қоғамдық өмірді де, дүниетаным мен көзқарастарды да түбегейлі өзгертті. Әрине, ол өзгеріс ең алдымен ұлттық санада көрініс тапты.

Ұлттық сана дегеніміз сол ұлтты құрайтын халықтың әр адамының жеке тұрмыс-тіршілігінің сыртында, өз ұлтының мүддесін, халқының тағдырын, ұрпағының болашағын ойлау қабілетінің ұлттық деңгейге көтеріліп, жалпы қоғамға тән ортақ сипатқа ие болған ұжымдық санасының

бейнесі. Ұлттық сана – әр ұлттың өзінің бүкіл тарихын білуі, яғни, өзін-өзі жете тануы, өз халқының өмір салтын, тұрмысын, тыныс-тіршілігін, болмысын танып, түсінуі болып табылады. Ұлттық сананың жасаушысы, қорғаушысы, сақтаушысы әрқашанда ұлттық интеллигенция, зиялы қауым. Халықтың ойы мен санасы оянған өкілдері, өткеніне, қазіргісіне, келешегіне ой жүгіртіп, ақыл таразысына салатын ойшылдары ғана ұлттық сананың негізін салып, ірге тасын қалаған. Мақалаға арқауы болып отырған ұлттық сана мәселесі әр халықтың тарихында орын алған тарихи оқиғалар барысында ерекше айқындалып, айырықша орынға ие болатын кезеңдерімен сипатталады. Біздің қарастырып отырған кезеңіміз тарихта «Азияның ояну» атымен әйгілі кезең. Бұл әлемдегі дүбірлі өзгерістердің, жаңғыру үдерісінің Орта Азия елдерін де өз көшіне ерткен кезі еді. Осы үдерісте әр халық өзінің шынайы келбетін сақтап қалуға, дамудың өзіне тән жолын таңдауға ұмтылып жатты. Ұлттық сананың жасаушысы -зиялы қауым десек, бұл үдеріс халықтың ұлттық санасын оятуға ұмтылған зиялы қауымның зияткерлік қызметімен тығыз байланысты. Зиялы қауымның халықының болашағы үшін жасаған ерен еңбегі, ұлттық сана тұрғысынан өсу деңгейі сол халық санасының парасат таразысы болмақ.

### **Мақаланың өзектілігі**

Мақала тақырыбының өзектілігі де бүгінгі қоғамның жеке тұлғаның даму парадигмаларын ұлттық бірегейліктің негізінен, рухани және этно-мәдени тамырларынан іздестіруімен ерекшеленеді. Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлер тұнығын сақтап қалу арқылы ұлттық бірегейлікті нығайту, бүгінгі халықтардың мәдени құндылықтары дағдарысы жағдайында аса өзекті мәселенің бірі. Ұлттық сана мен ұлттық бірегейлік ең әуелі ұлттық құндылықтардан бастау алады. Ұлттық санадағы жаңғыру қоғамның тұрақты дамуының маңызды факторы болып саналады. Сондықтан ұлттық сананың даму үдерісінде ұлттық код пен ұлттық дәстүрді сақтау мәселесі өте маңызды. Осы орайда, Иран халқының ұлттық санасының эволюциясына зерттеу жасау қазақ ирантану ғылымы тұрғысынан қарағанда өзекті болып табылады. Тарихымыз ұштасып жатқан бұл елдегі қоғамдық-саяси өзгерістер жалпы Орта Азия халықтарына ортақ құбылыс десе де болады. Қазақ Ирантану ғылымында бүгінгі әлемдік жаһандану ғасырында өзіндік бірегейлігімен, ұлттық құндылықтарын жоғалтпай әлемдік даму үдерісінде еріп келе жатқан Иран елінің ерекшелігі әлі күнге зерттелмеген. Өз тарихымызды дәріптеу мен ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртамыз десек ежелгі көршіміздің бірі, сырлы тарихы бар осынау елдің ұлттық санасының даму жолдарын зерделеу маңызды. 20 ғасырын басында қазақ ұлтының да қалың ұйқысын сейілітіп, ұлт санасын оятуға ұмтылған зиялы қауым өкілдерінің жасаған қызметтері Иран зиялыларының ұлттық қозғалыстарымен астасып жатыр десек болады. Жалпы осы кезеңде қазақ жерінде де «ұлт азаттық» мәселелері аса үлкен мәселеге айналған еді. Алайда бұл бір мақала аясында қарастылатын дүние емес. Бұл мақалада өзекті болып отырған ирандық ұлттық сана мәселесін зерделеу.

### **Мақаланың мақсаты мен міндеттері**

Иранда ұлттық сананың қалыптасуына негізгі әсер етуші факторларын талдау, әлемдік жаһандану жағдайындағы ұлттық сана мен зияткерлік ортаның өсу кезеңдерін белгілеу, нақтылау. Бұл орайда, екі мәселені қарастыру маңызды; бірінші ұлттық бірегейлік, ұлттық сананың шығу тегі мен қалыптасуын және ұлттық бірегейліктің қалыптасу үдерісіндегі негізгі факторларды түсіндіру, жағдай мен себептерді түсіндіру және сипаттау. Сол себепті төмендегідей міндеттерді алға қояды:

- Ирандағы ұлтшылдық идеялары мен ұлттық сананың ара қатынасын анықтау;
- мемлекет идеологиясының ұлттық санаға ықпал ету дәрежесін ашу.

### **Материалдар мен әдістемелері**

Бұл мақалада қарастырылатын мәселеге шығыстану тұрғысынан тарихи аналитикалық және сипаттамалық әдістер арқылы кітапхана мен интернет материалдары негізінде талдау жасалып, ирандағы ұлттық сананың эволюциясы зерделенеді. Ол үшін аймақтық, этностық және ұлттық сана мен бірегейлікті қалыптастыруға әсер еткен негізгі факторларға тарихи салыстыру және салғастыру, тарихи сипаттау және талдау әдістері арқылы сараптама жүргізілді.

Бұл тақырыпқа тікелей болмаса да түрлі мәселелер тұрғысынан қазірге дейін біршама зерттеулер жүргізілген және әлі де зерттелуде. Бұл орайда, Гасан Рашеди, Е.С.Галкина, З.А.Арабаджян, Н.М.Мамедова, С.М.Алиев, М.Т. Степанянц, Н.А.Талипов, С.И.Мусаева, Э.Б.Боев, Е.А. Дорошенко, В.Б.Кляшторина, Л.Раванди-Фадаи, Ф.Даваран, А.Ашраф,Ф. Бавариан және т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Бұл зерттеу жұмысында негізінен басшылыққа алынатын парсы тілді иран зерттеушілерінің еңбектері болмақ. Олар Мохаммад Реза Тажиктің «Ирандық зиялылар және ұлттық бірегейліктің құпиясы», Реза Зарири «Жаңғыру және Пехлевиер кезеңіндегі ұлттық бірегейлік», Исмаил Кабус пен Зоһре Хосеинзадегон «Жаһандану үдерісінде Ирандық-Исламдық бірегейлікті сақтап қалу», Ахмад Ашрафи «Ирандық бірегейлік» секілді жұмыстар.

## Негізгі бөлім

Қоғамдық деңгейдегі ұлттық бірегейлік – бұл ұлттық сананың ең жоғары деңгейі болып саналады. Ендеше Иран халқының ұлттық бірегейлігінің сыры неде? Оның қалыптастырушы факторлар қандай? – деген, сұрақтарды басшылыққа алатын боламыз.

Иран жаңғыруының алғашқы кезеңінің қорытындысы Конституциялық революция болса, екінші кезең Шах үкіметінің «ақ революциясы» мен «ұлтшылдық идеялар» кезеңі, үшінші кезең Ислам революциясының жеңісі және Иран Ислам Республикасының теңдесі жоқ исламдық даму моделін құру кезеңі болды. Бұл кезеңдер Иран халқының ұлттық санасының идеялық өсу, жаңғыру кезеңдері болып табылады.

Иран секілді көпұлтты елде қашанда мемлекеттік саясаттың өзекті бағыттарының бірі – ол ұлттық саясат болып табылады. Бүгінгі Иран Ислам мемлекетінің ұлттық саясаты жайлы немесе ирандық ұлттық бірегейлік пен сана хақында айтпас бұрын онда тұратын ұлттарға тоқталсақ. Қазіргі Иран халқының жалпы саны 2022 жылғы көрсеткіш бойынша 86 758, 304 адам, «Дүниежүзілік фактілер кітабы» анықтамалығының бағалауы бойынша елде: парсылар 61%, әзірбайжандар 24%, күрдтер 10%, лурлар 6%, арабтар 2%, балуждар 2%, түрікмендер мен түркі тайпалары 2 % құрайды екен[1]. Елде бұлардан басқа ұлттық азшылықты құрайтын еврейлер, орыстар, ассириялықтар мен армяндар т.б халықтар өмір сүріп жатыр. Олардың барлығы да Иранды өз отаны, атамекені санайды және өздерін ирандықпыз деп мақтанышпен айтады екен.

«Ұлтшылдық» Иранда негізінен жаңа саяси-идеологиялық күш болып табылды. Ол тек XIX ғасырдың соңы мен – XX ғасырда ғана туындаған идея еді[2,36]. Бұл идея ұғым ретінде халықтың ұлт болып қалыптасуында қоғамның, тұрғындардың санасында толық орын тепкенге дейін үлкен тарихи кезеңді басынан өткізді. Оның үстіне елдегі саяси-әлеуметтік ахуалдың тұрақсыздығы яғни, ұлы державалардың елді билеп төстеуі де бар. Англия, Франция және Ресей үкіметінің Иран топырағындағы саяси әрекеттері халық санасына да, өміріне де өзгерістер әкелді. Бұл идеяның өзі батыстан келген идея болды.

Әрине, ол – Ирандық қоғамда европалық білім алған жаңа зиялы қауымның қалыптасуымен тікелей байланыста туындады. Олар батыстың қоғамдық-саяси идеяларымен жіті таныс, жаңашыл ағартушы идеяны ұстанған зиялылар болды. Ол уақытта Батыс қоғамында ұлттық мемлекет құру идеяларын тудырған заманауи буржуазиялық тап қалыптасып жатқан кез болатын. Сондықтан, бастапқыда, бұл идея Батыстық білім алған Иран зиялыларының шығармашылығында ғана көрініс тауып, ұсыныстар мен сипаттамалар күйінде қалып қойды. Саяси құлдырау мен интеллектуалды өрлеудің осы кезеңінде Иранның алғашқы идеологтары пайда болады. Сондай этно-ұлтшыл жазушылар мен ағартушыларға Мырза Фетх Али Ахундзаде (1812-1878), Джалал ад-дин Мырза Каджар, (Фатх Али-шахтың кіші ұлдарының бірі) Мырза Аға хан Керманиді, (1853-1896) Низам әл-Сұлтани Мұстафи, Сейед Хасан Моддарес және Сейед Хасан Тагизадені ирандық «ұлттық санасының, бірегейліктің» қалыптасуының символы деп айтуға болады. Иран ғалымдары өз зерттеулерінде бұл кез зиялыларын ағартушы бағыттағы алғашқы буын өкілдері деп атады[3]. Елдің құлдырауының себебін олар бақылаусыз жемқор билік, зайырлы және діни басқарушы топтардың қабілетсіздігі мен дәрменсіздігінде деп танып, одан шығудың жолын іздеді. Міне осы кезде ұйқыдағы халықты, «ұлттық сананы» оятатын жаңа идеяның бірі ретінде «ұлтшылдық» идеясын ұсынды. Сондықтан да олардың еңбектерінде елді сауаттылыққа, білімге шақыру мен қатар, өткенге деген сағыныш сезімі, зороастризм дінін, ұлттық аңыз-дастандарды дәріптеу үлкен орын алады[4]. Оның үстіне шетелдік басқыншылықтың кесірінен құрдымға кетіп бара жатқан ұлттық мүддені көре білген зиялылар, өз ұлты мен Отанға деген сүйіспеншілік әр адамға тән, рухани қажеттілік деп, империялық танымды дәріптеді және елді шетелдік басқыншылардан тазаруға шақырды. Бұл интеллектуалдар идеясығұш деңгейде ұсынылды. Ол әдебиет, тарихнамалық және қоғамдық-саяси ойлар. Ирандық ұлттық санадағы дискурс, ұлттық ұғым сол кезде біршама зиялылар еңбектерінде көрініс тапты. Олардың біразы батыстың мәдениетін жақтаушылар болды, және ол бағытты «ғарбзадеги» деп атады. Ахундзаде мен Малкомхан еңбектерінде осы ой кеңінен көрініс тапқан еді[3].

Мысалы, Мырза Фетх Али Ахунзаденің мына бір сөзін алайық: «Сырт келбетім түрік болса да шыққан тегім парсы» деп, өзінің ұлттық белгісі жайлы, ал, «зороастралықтар біздің бауырларымыз, отандастарымыз, біздің тіліміз, тегіміз бір.....»[4]-деп, өз ұстанымын аңғартады. Бұл сөздердің астарында отандастар бір тұтас ирандықпыз, бір елміз деген ой жатқаны анық. Бұл ұлт санасындағы жаңа идея ұлтшылдық идеясының анық көрінісі десек болады. Иран ғалымының айтуынша бұл идея Иранда «19 ғасырдың соңында пайда болып, конституциялық революция кезеңінде шарықтау шыңына жетті және бүгінгі мағынасындағы ирандық «ұлттық бірегейліктің» негізін қалады» [4].

Қоғамдық сананың өсуіне әсер еткен факторлардың тағы бірі сол кезеңдегі баспасөз болды. Баспасөздің пайда болуы ирандықтардың жаңа әлеммен танысуына мүмкіндік ашты. Тұңғыш ирандық газет «Кагазе-ахбариды» ағартушылық бағыттағы зиялылар өкілі Мырза Салех Ширази шығарды[5].

1876 жылы парсы және француз тілдерінде екі тілді «Ватан» газеті шыға бастайды. Осы газеттің бірінші нөмірінің редакциясында «патриотизмді» ең жоғары құндылық ретінде анықтау берілген[6]. Ұлы уәзір, реформатор, ағартушы Әмір Кабир жоғары лауазымдағы қысқа қызметі кезінде (1847-1851) ел істеріне Батыстың араласуын шектеуге тырысып, «ұлтшылдық» идеясын жоғары ұстады. Әмір Кабир өз газеті «Рузнаме-е Вағайе-е эттефғиені» шығарды[5]. XIX ғасырдың екінші жартысында, Иранда және шетелдер де шыққан газеттер ұлт санасының дамуына ықпал еткен ұлттық идея жаршылары болды. Мысалы: Калькуттада «Шамсе әл-ахбар» (жаңалықтар күні), «Сайд әл-Ахбар» (жаңалықтар қожасы), «Каукабе Насири» (насыр жұлдызы), «Муфрех Аль-кулюб» (жүректерге қуаныш) газеттері, ал, «Ахтар», «Хекмат», «Канун», «Сорая», «Парвареш және т. б. сол жылдары провинцияларда шығып отырған ерекше маңызы бар газеттер. Бұл газеттер сол кездегі ұлт санасын оятқан, елді жаңа ойлармен, зиялы қауымның ағартушылық идеяларымен таныстырған құрал болды. Баспаөз ұлттық саясаттың жеткізуші құралдары мен мазмұны болып табылады. Сондай-ақ, 1880 жылдардан бастап ирандық модернистер жаңа стильдегі білім орындарын ашты. Мысалға, «Рошдже-ие Шараф», «Мозаффариже», «Эфтахийе», «Садат», «Данеш», «Адаб» және т.б атауға болады. Бұл білім орындарында отан тарихы ғылымдары оқытыла бастайды[7]. Осы кезеңдерде ел тарихы жайлы кітаптар жазылып, зороастризм туралы зерттеулер жасала бастады.

Осының барлығы елдің барлық аймақтарында ұлтшыл қозғалыстардың қалыптасуына себепші болған негізгі факторлардың бірі болды. Иран Әзербайжанындағы, Күрдістандағы және Гиляндағы ұлтшылдық қозғалыстары – ұлттық сананың өсуінің тағы бір белгісі болды. 1900 жылдары Табризде Баку социал-демократтарының белсенді қатысуымен социал-демократиялық партия құрылды, оған көптеген жұмысшылар кірді.

Ол оқиғалардың біртіндеп 1905-1911 жылдардағы конституциялық революцияның идеологиялық негізін анықтады. Онда Иран зиялылары оның негізгі мақсаттарын: «батыс экспансиясына қарсы өзінің егемендігін қорғауға қабілетті қазіргі заманғы ұлттық мемлекет құруды тұжырымдады»[4]. «Меллат-е Иран» идеясы дінге, этникалық тегіне немесе әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, елдің этникалық және әлеуметтік топтарының бәрін біріктірді. Осылайша «ұлтшылдық» идеясы Конституциялық революция кезеңінде ирандықтардың қоғамдық-саяси лексиконында ресми рәсімделеді. Конституциялық революция «бір тұтас иран ұлты» идеясының пайда болуына әкелді. Дегенмен, бұл идея ол кезде таза интеллектуалды конструкция болды. Осы ұғым мен таным бірте - бірте бүгінгі «ирандық бірегейлік» ұғымының негізін қалады. Өзге сыртқы күштердің бірінші дүние жүзлік соғыс кезеңінде Иранды тартыс алаңына айналдырған сәтінде, ол елді үлкен күшке біріктірді. Осылайша ұлттық бірегейлік сезімі солтүстік пен оңтүстік көршілердің агрессиясына қарсы төтеп берген үлкен рухқа ие болды [4]. Иранда 1905-1911 жылдардағы бұл конституциялық революция Иран ұлтшылдығының дамуына да, ұлттық сананың өсуіне де айтарлықтай ықпал етті.

Біртұтас ирандық ұлттың қалыптасуына XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында елдің орталық үкіметі үшін халқының түрлі этникалық құрамы кедергі келтірді, үздіксіз мәселелердің туындау көзі болды. Конституциялық революция мен Пехлеви әулетінің билігі құрылуы арасындағы және Реза шахтың билігінің алғашқы кезеңдерінде аймақтық сепаратизм мемлекеттің аумақтық тұтастығын сақтауға үлкен қауіп төндірді [7]. Сондықтан Иран ұлттық идеологиясының қалыптасуы мен өркендеуінің осы Пехлеви әулетінің билігі (1925 – 1979) кезеңінде ерекше өзектілігі арта түсті.

Конституциялық революция жеңісінен соң баспасөзде ирандық зиялылар өздерінің әлеуметтік және саяси позицияларына ие болды. Бірақ олар діни қызметкерлер мен шах сарайы тарапынан қолдау таба алмады. Олар өз ойларын, қоғамға қажет өзгерістер мен жаңашыл талаптарды баспасөз беттерінде ашық жазады. Осы интеллектуалды журналистердің ішіндегі ең маңыздыларының бірі-Джахангир Хан Ширази (Сурасрафил) және Али Акбар Деххода болды[3].

Осы кезең зиялыларын француз атауымен «интеллектуалдар» деп және арабша «мунавер ал фекр», кейінірек парсы тілінде «роушанфекр» деп атады. Бұл кезеңдегі зиялылар бағытына француз идеялары үкен әсер етті[5]. Франция бұл кезеңде Иран зиялыларының білім алған ортасы, тұрақтайтын мекені болған еді. Ирандағы өзгерістерге тікелей әсері болмағанымен, Франция аймақтағы Англияның бәсекелесі болатын. Пехлевилер дәуірінің екінші кезеңінде француз тілін

білу зиялылар мен ақсүйектер үшін қажеттілік болып саналды. Батыс тарихы, әдебиеті, философиясы француз тілінен парсы тіліне аударыла бастады.

Дегенмен, ағылшын мәдениетінің де ықпалын жоққа шығаруға болмайды. Оны революциядан соңғы Иранның монархиялық саяси жүйесінің - Британдық Конституциялық саяси жүйеге негізделгенінен көруге болады. Онда патша символдық сипатта болады және саясатқа араласпайды. Ирандағы зиялы ортаға және зайырлы ойға әсер еткен тағы бір күш ол ресейлік және америкалық идеология болды. Америка 1994 жылдарға дейін ирандық солшыл емес зиялылары арасында құрметке ие болған[3].

Конституциялық революциядан кейінгі кезең интеллектуалдарының арасындағы ерекше тұлғалар Хасан Таки заде, Мирзазаде Ешқи, Малек Ашшоери Бахор, Ибрахим Пур, Мохаммад Али Жамалзаде т.б. болды. Бұл зиялылардың негізгі идеялары елдегі билік түріне зайырлы өзгерістер енгізу, халық мүддесін қорғайтын заң қабылдау болды.

### **Зерттеулер мен талдаулар**

Конституциялық революция кезеңі интеллектуалдарының ерекшеліктері олар батыс идеяларына ашық қарсы шықпаса да, толық қолдамады. Дегенмен олар батыстың ғылыми – техникалық жетістіктеріне, демократиялық билік жүйесіне оң көзқараста болды. Бірақ батыстың отарлау саясатына түбегейлі қарсы шықты. Әсіресе осы кездегі ақын жазушылар шығармаларында ағылшын, ресей билігі анық сынға алынды. Сонымен қатар әйел құқығын, ерлер мен әйел теңдігін қолдауы және қоғамдағы ескі дәстүрді сынға алуы болды. Олар дін мен діни орындарды, халықты, елдің артта қалушылығын, ескі дәстүрді сынға алып, елдің жылдам дамуына кедергі ретінде атады[3]. Реза шах Пехлевидің таққа келуімен интеллектуалдардың алғашқы буын өкілдері кезеңі аяқталып, екінші буын өкілдері дүниеге келді. Олар елде Батыс мәдениеті үлгілерін дамытуға тырысты. Елде зайырлы университеттер мен медреселердің ашылуы осы зиялылардың еңбектерінің жемісі еді. Өздерінің алдындағы буын өкілдері сияқты бұларда батысқа еліктеп, модернизацияны қолдады. Бірақ Иранның өткен тарихы мен мәдениетіне сүйене отырып, дамуды ұстанды. Бұл зиялылардың идеясы негізінен «*تک فرهنگي*» так фарханги» (бір ғана мәдениет) идеясына негізделгендіктен өзге мәдениетке деген «мойындамау» көзқарасы шегіне жетті. «Ұлы өркениет» және «мың жылдық тарих» идеялары осы буын зиялыларына тән болды[8].

«Біртұтас Иран ұлты» тұжырымдамасы осы кезде өріс алып, ұлттық азшылықтарды «парсыландыру» жүзеге асқан еді. Пехлевилер оны ресми идеология ретінде жоғарыдан жүргізді. Осы кезден бастап «ұлттық сана» Иран идеологиясында елдегі монархияның дәстүрлері мен зороастрлық символизмге бет бұрды. Реза шах сол кездері өзінің кеңесшісі болған Кембридждің түлегі, Иранның ежелгі дәуірінің үлкен білгірі және жанкүйері болған Ардаширджидің кеңесімен, ұлттық сананы қайта жаңғыртуда Иранның зороастриялық идеялар мен символдарына жүгінуді жөн көрді[4]. Сондықтан да, Реза шах «Пехлеви» тегін алды және Иранның одан әрі дамуын ежелгі иран мәдени мұрасын қайта жаңғыртумен байланыстырды. Ежелден Персияны мекен еткен алуан ұлтты бір ортаға біріктіру идеясы ретінде «ирандық» ұғымын басшылыққа алды. Тарихы мен тілі бір, түбі бір ұлт құру идеясын алға шығарды. Иран тарихы Ахаменидтер империясы кезеңінен бастап қайта басылды. Ел атауы «Персиядан» «арилық» деген негізге сүйенген «Иран» атауына өзгертілді. Шахтың осы реформаларының арқасында Иран қоғамында жаңашыл, заманауи ойлайтын, жаңаша білімді адамдардың шағын қабаты пайда болды. Бұл ұлттық сананың қалыптасуының жаңа кезеңге аяқ басуының көрінісі еді.

Реза Пехлеви билігі кезіндегі өзекті бір мәселе жоғарыда айтылғандай сепаратистік қозғалыстардың өршуі болды. Бұл ел тұтастығына ең үлкен қауіп болды. Осындай қиын шақтарда шахтың өткеннің ұлы бірлігін көрсеткен тарихқа ден қоюы да заңдылық болғандай. Осы бағытта біршама істер жолға қойылды. Мысалы: Ұлттық мұра қоғамының құрылуы. Осы қоғам тарихи жәдігерлерді жөндеу және қалпына келтіру істерімен айналысты. Осы ұйымның ұйымдастыруымен А. Фердоусидің ұлы дастанының мың жылдығын әлемдік деңгейде атап өтілді (1313) [9]. Шах билігінің де «Шахнама» дастанына айырықша көңіл бөлуі бекер емес еді. Бұл дастан Ирандықтар тарихының айнасы, ұлттық рухтың қайнары екені белгілі. Атақты парсы ақыны Фердоуси өзінің ғажайып туындысында «аджамнан парсы тілін тазартып, қайта тірілттім» деуінің өзі шах саясатына дәл келеді. Бұл дауылпаз дастан мазмұнында иран халқының бүкіл болмысы сақталған. Ирандық болмыстың тамыры мыңдаған жылдар бойы қалыптасып, Рүстем секілді ирандық қаһармандар жайлы эпостық жырлар арқылы әр кезең тарихында күшті рухани тірек болып, халықтың ұлттық ынтымағын нығайтып келді. Реза Пехлеви де осы туынды арқылы ұлт санасын қайта көтеруді ойлады. Бұл құрмет шахтың Иран әдебиеті мен өнеріне деген қызығушылығынан емес еді. Оның түпкі мақсаты империялық дәстүрді жаңғырту және ежелгі өркениетті дәріптеу арқылы жаңа ұлттық

сананы, бірегейлікті қалыптастырмақ болды. Осы мақсатпен шах билігі тиісті саяси ұйым мен мәдени модельді қалыптастырумен өткеннің бірқатар ұлы ақындары мен ойшылдары Рази, Бируни, Ибн Сина, Саади, Руми, Хафизді өз халқының даңқты ұлдары ретінде еске алуға кіріседі.

Ұлтшылдық бағытты дамыту мақсатында жасалған тағы бір әрекет ол 1310 жылы «ежелгі Иран» орталығының ашылуы мен осы орталықтың басшылығымен апталық газеті «Иране бостан» шығуы болды. Осы газеттің алғашқы бетінде зороастралық ұстаным «таза-ой, таза- сөз, таза- әрекет» жазылды және «тахте жамшид» тақталарынан алынған суреттер берілді. Осы кезеңдегі айтулы оқиғаның тағы бірі ол осыған дейінгі ұлтшыл зиялылардың арманы болып келген тіл тазалығымен айналысатын Парсы тілі мен әдебиеті Академиясы құрылады [9]. Осы шаралардың бәрі арқылы шах ұлт санасын да билеуге ұмтылды және осы жолда ол клерикалдар мен күреске шықты. Осы күресте батыстандыру саясаты арқылы діндарларды шеттетуді ойлады.

Соған қарамастан, Шахтың ресми дәріптеген ұлттық бірегейлік идеясы халықтың негізгі бөлігінен алшақтап, ең алдымен билеуші топтарға және билікпен байланысты қалыптасып келе жатқан орта тапқа тікелей әсер етті, ал ол әлі азшылық болып қала берді. Конституция жекелеген этностардың мүдделерін назардан тыс қалдырды. Сонымен бірге, шах режимі біртұтас Иран қауымдастығын құру жөніндегі ұлттық саясатын жүзеге асыруда Иран ұлтшылдығы мен паниранизм идеяларын қолданды. Бұл идея Иран халқын парсы тілі мен парсы мәдениеті негізінде бір ортаға шоғырландыруға бағытталған. Паниранистік біртұтас иран ұлтының тұжырымдамасын қалыптастыруда зиялылар М. Афшардан, С.А.Касрави, К.Иран-Шахр, Р.Шафағ, Х. Пирния, А. Казвини, Я.Зеки және басқалар белсенді рөл атқарды [10, 396].

Кейбір зиялы қауым өкілдері, мысалға Ахмад Касравидің (1890-1946), көзқарастары ислам мәдениеті мен оның тереңде жатқан дәстүрі мен батыс мәдениетінің тоғысында қалыптасқандықтан осы ұлтшылдық идеяларын өз шығармаларында дамытты. Елдегі «панирандық» бағытының дамуына үлкен үлес қосты. Исламның теріс рөлі және Иран халқының тарихындағы сопылық пен шиизмнің теріс әсері туралы алғаш рет айтқан А.Касрави болды. Сонымен қатар Касрави батыс мәдениеті ирандық рухты жояды деген пікір айтып шах реформаларына да сын айтады [10].

Паниранизм идеологиясы ұлтшыл жазушылар, мұғалімдер мен студенттер арасында белгілі бір қолдауға ие болды. 1920-1930 жылдары паниранистер негізінен үкіметтің саясатын қолдады, өйткені ол белгілі бір дәрежеде олардың идеологиясының жекелеген элементтерін жүзеге асырды [4]. Еуропалық мәдениеттің кейбір элементтерін қолдана отырып, қоғамдық өмірдің жекелеген жақтарын біріктіру мемлекеттік тіл ретінде парсы тілі мен мәдениетінің монополиялық үстемдігімен иран ұлтының бірлігі идеологиясын күшейтті. 1930 жылдардың екінші жартысында Иран үкіметінің бастамасымен ұлттық идеология мәселелерімен айналысатын «қоғамдық пікірді бағдарлау ұйымы» құрылды [4].

Елдегі ұлтшылдық идеялардың бұл нұсқасы либералды және социалистік элементтерді біріктіре отырып, батыстан шыққан әртүрлі идеялық ағымдардың ықпалына түсті, бұл оның өз ішінде бөлшектенуіне және әр түрлі ұлтшыл күштердің лагеріне бөлінуіне әкелді. Иран ұлтшылдығы идеологиясының дамуында 1940-1950 жылдары тағы бір тенденция пайда болды және ол осы кезеңдегі қоғамдық-саяси өмірдің жандануымен байланысты болды. 1941-1953 жылдары Иранда монархиялық билік күші әлсіреп, либералды, ұлтшыл, социалистік және коммунистік идеялармен толықтырыла бастаған ерекше идеологиялық вакуум пайда болды [3].

Айта кету керек, 1940 жылдары Иран белгілі бір дәрежеде кеңестік және американдық отарлаудың әсерінен ұлт ретінде «қорлауды» бастан кешірді, бұл ұлтшылдық сезімдердің өсуіне түрткі болды [4]. Дәл осы кезеңде нағыз Ирандық ұлттық идеология нығая бастады және ол халықтың кең тобына бет бұрған және антиимпериалистік күрес міндеттеріне назар аударған идеология болды. Ал, Иран шахы өзінің елді индустрияландыруға бағытталған саясатын ұлтшылдық идеяларымен қатар жүргізе бастады.

Елдегі «Ақ революцияның» идеологиялық келбетін шахтың өзі қалыптастырып, арийлік неоахеменидтік ұлтшылдықты жаңа мифтер мен мақсаттарға толтырды. Мұхаммед Реза-шах өзінің «ұлы өркениетке» кітабында болашақ Иран қоғамын әлеуметтік әділетті қоғам ретінде, Батыс қоғамдарына ұқсамайтын, демократиялық, еркін, ұлы және ежелгі өркениеттің ұлттық мәдениеті мен дәстүрлеріне негізделген қоғам бейнесінде суреттейді [11].

Осы либералды-ұлтшыл идеология аясында шиит дінбасыларымен диалог орнатыла бастады және дәстүрлі діннің жағында ең көп, жаңа әлеуметтік топ негіз қалалық (базари) базаршылар табылды. Міне осы кезде Иранның өзін-өзі тануының исламдық және парсы этномәдени құрамдас бөліктерінің өзара қайшылықты әлеуеті анық бейнесін қайта көрсете бастады. Еуропалық контексте пайда болған ұлттық идеология маңызды рөлді иеленіп, оған қатысты діни сана қандай да бір

кедергі ретінде қабылданды. Сол себепті, ол – ұлттық бірегейлікті екіге бөліп, исламдық және этномәдени компоненттер арасындағы қақтығысты күшейтіп, ішкі қайшылықты өршітті.

Сондықтан, дінбасылармен диалогтың алғашқы әрекетін М. Мосаддық үкіметі сәтсіз аяқтады. Ал 1953 жылы мемлекеттік төңкеріс пен Үкімет құлағаннан кейін бұл ұлтшылдық идеясының демократиялық желісі 1970 жылдардың соңына дейін созылған ұзақ дағдарыс кезеңіне кірді [10].

### **Зерттеулер нәтижелері**

Реза ханның үкіметінің құлауымен «модернистік ұлтшылдардың» орнына келген екінші Пехлевиер ғасырының алғашқы он жылдығында «отарлауға қарсы ұлтшылдар идеясы» қалыптасты оның жемісі иран халқы куә болған «мұнайды ұлттандыру» болды [10]. Өйткені «Пехлеви II-нің» билік басына келуімен бірге билік ресурстарының бір бөлігі мемлекет пен қоғамдық күштердің пайдасына бөлінді, монархия мен мемлекеттік институт арасында жаңа қатынастар орнады. Бұл қатынастар бір текті болмады. Бұл кезең батыс мәдениетінің елге етене енген, жаһандану үдерісінің кең өріс алған кезеңі болды.

Шах елдегі монархиялық биліктің тарихи сабақтастығын көрсетуге, шахиншах билігінің киелі рухын қайта тірілтуге арналған шараларды жалғастырып жатты. Шахиншах рухын, елдің даңқты өткенін есіне сала отырып шах билігінің негізін нығайтуды көздеді. Халықты «хода – шах – михан» («құдай, шах, отан») концептілерінің киелілігіне сендіріп, соның аясына біріктіруді ұстанды [4].

Зерттеуші Х. Мансурианның атап көрсетуінше елдегі «мұнайды ұлттандыру» кезеңдерінен бастап шах билігі әлсірей бастаған [12,221б]. Оппозициялық қозғалыстардағы билік үш маңызды әлеуметтік топқа бөлінді: шиит дінбасылары (улемдер); базарлардағы саудагерлер (базари); зиялы қауым. Жалпы алғанда шах билігі ұлттық сананың өсуіне өте үлкен әсер еткенімен, жаңа ұлттық бірегейлікті қалыптастыра алмады.

Осы уақыт ішінде Иран ұлтшылдығы мен имам Хомейни бастаған ислам қозғалысының демократиялық бағыты жақындасады. Бұл ислам қозғалысының қалыптасуы, жаңа діни-саяси идеялар мен тұжырымдамалардың жетілуі байқала бастаған сәті. Исламдық ой идеялық плюрализм, әртүрлі позициялар мен көзқарастар қақтығысы жағдайында қалыптасқан еді. Осыған қарамастан, діни лидерлер, әдетте, басқа әлеуметтік топтарға қарағанда маңызды және тиімді рөл атқарды, өйткені олар халықтың үлкен топтарын өз жағына тарту және жұмылдыру қабілетіне ие болды [12, 230].

Осылайша, біз Иран ұлтшылдығының екі негізгі тенденциясын атап өттік, олардың әрқайсысы негізінен зайырлы сипатта болды. Бірақ бұл идея Ислам дәстүріне басқаша қарады. Шахтың ұлттық идеологиясы ашық романтикалық сипатта болды, өйткені ол иран ұлтының алыстағы, ұмытылған өткенінен жаңа үлгілер іздеді. Шах билеуші әулет пен жалпы монархия институтына тым маңызды рөл берген еді. 1970 жылдардағы Шах саясатының ерекшелігі діни қызметкерлерден идеялық-саяси тәуелсіздігі болды. Алайда, бұл кезең мұсылман зиялыларының, соның ішінде улемдер арасында дамудың балама моделін іздеу белсенді түрде жүріп жатты.

Көрнекті ирандық діни ойшыл Мотаххари шахтың ұлтшылдық тақырыбына жүгінуінің себебі ретінде ұлтшыл идеологиялардың мұсылман әлемінде кең таралуын көрсетеді. Бұл бағыт халықтар мен мемлекеттер арасындағы қақтығыстарға әкеледі деп есептейді. Мотаххаридің пікірінше, қазіргі әлемдегі ұлттық құндылықтарды ұстану көптеген мәселелердің қайнар көзіне айналады. Ол ұлтшылдық идеологиясы мұсылман дініне қайшы келеді және мұсылмандардың бірлігін бұзуға тырысады деп атап айтады. Оның пікірінше, ислам аясында ұлттық қауымдастықтарға орын бола алмайды. Мотаххари сонымен бірге үнді мұсылман ойшылы Мұхаммед Икбалдың «ұлтшылдық-жабайы табиғаттың бір түрі» деген сөзімен келіседі [13]. Қалай дегенде де, бұл идеология елдегі зайырлы ортаның өсуі мен ұлттық сананың көтерілуіне себепші болды.

60-70 жылдар арасында Иранда ірі идеологтар пайда болды. Осы ұлт санасының жоғарғы өресін анық көрсететін озық ойлы зиялылар арасынан Али Шариати мен М.Базарганиді атауға болады. Зайырлы исламшылдардың арасында М.Базарганидің еңбектерін ерекше атап өткен жөн. 1960 жылдардың басында Базаргани исламды ашық саяси сипатта болуы керек діни идеология ретінде түсіндіруге арналған «Дін мен саясат арасындағы шекара» атты кітабын шығарады. Базаргани елдегі капиталистік экономиканың дамуын жоққа шығармады, бірақ сонымен бірге, оның батыс қоғамына тән түрлі жағымсыз жақтарынан да құтылу қажеттілік екенін ашып көрсетті. Ол экономика мен мемлекеттегі өмірді сауықтыру құралы ретінде «тоухидтік ислам» деп аталатын шынайы исламның теңдігі мен әділдігіне оралуды атап көрсетті. Сонымен қатар, оның пікірінше, қоғамның ислам құндылықтарына көшуінің қозғаушы күші Құран талаптарын дұрыс түсіндіре алатын прогрессивті зиялы қауым болуы керек еді. Базаргани ислам идеологиясына қайта оралуды ирандықтардың шынайы ұлттық мәдениеті мен шынайы ұлттық ерекшелігіне қайта оралу деп



түсінді. Ол «жеке адам құқықтарының, діни құқықтардың тұтастығына баса назар аударды. «Исламдық ұйғарымдар мен нанымдар жеке құндылықтар мәселесі ретінде қарастырылуы тиіс.»-деп тұжырымдайды[14]. Бұл ойлардан біз, оның ислам мен демократияның синтезді басқаруын ең дұрыс билік деп санаған, халықтың егемендігінің, плюрализмнің жақтаушысы екендігін көреміз.

Екінші ірі ойшыл әрі зайырлы исламист Али Шариати тапсыз қоғам мен әлеуметтік әділеттілік құндылықтарымен бөлісетін солшыл радикалды типтегі діни идеолог болды. Шариатидің әділетті қоғам жайлы мына бір тұжырымдамаларына қарастырайық. Ол «шиизмді» тек дін ретінде ғана емес, сонымен бірге «Шығыс пен Батыстың ортасында» болуға арналған наразылық пен азаттықтың әмбебап революциялық идеологиясы ретінде түсінген қоғам қайраткері болды [15, 45-67 бб]. Оның демократия тұжырымдамасы мұсылман қауымдастығындағы көшбасшылықтың (имаматтың) ерекше рөлімен байланысты. Имамат, оның пікірінше, таңдауға емес, мойындауға байланысты: «демократияда халық биліктің қайнар көзі болып табылады, ал Үкімет көшбасшы мен халық арасындағы делдал. Исламда халық пен Имам арасындағы байланыс діни шындық болып табылады». Міне осындай ірі діни интеллектуалдардың идеялары, Иран қоғамның жаңа исламдық даму моделінің негізін салған көреміз.

Көріп отырғанымыздай, ұлттық сананың қалыптасып, өзінің ең жоғары сатысына жеткендігі, бүгінгі қоғам мен оны қайта құру жайлы ұлт жанашырларының саяси-әлеуметтік ойларынан байқалады.

Қазіргі ирандық полиэтникалық ұлт бір ғасырдан астам уақыт бойы парсы этномәдени негізде қалыптасып келеді және Ислам Республикасының саяси жүйесі, оның идеологиясы бұл процеске жаңа серпін бергені анық байқалады. Ислам режимі орнағаннан кейін де бұл мақсат өзекті болып қала берді. Жаңа ұлттық саясаттың негізіне мұсылман үмбетінің ортақтығы туралы түсінік қалыптасты. Елдегі халықтың 99% мұсылмандар. Ендеше елдің ұлттық бірегейлігінің негізі ғалымдар айтып өткендей дін, тарих, жалпыға ортақ мол мәдени мұра болып отыр.

«Діни саладағы этносаралық проблемалардың өзі, егер олар саясаттандырылмаса, мәдени және басқа деңгейлер соншалықты маңызды болмас еді. Адамдардың этникалық негізде бірігуі көбінесе есеп бойынша жүреді. Егер олар этникалық топқа бірігу оларға қиындықтан гөрі көп пайда әкелетінін көрсе, олар бірігеді»- деп, жазады Л. Раванди-Фадаи [16].

Сонымен, 1975 жылдарға қарай Иранда толық қанды ұлттық сана мен жаңа зиялы орта қалыптасты. Бұл зиялылар негізгі екі ірі бағытты ұстанды. Олар, зайырлы және діни бағыттағы интеллектуалдар болды. Олардың арасында А. Шариати және М. Бозоргани сияқты ірі ойшылдар зайырлы ислами бағытты ұстанды. Ал, А. Соруш секілді заманауи ойшылдар Иран зиялыларының жаңа зайырлы мектебінің негізін қалады деуге болады.

### **Қорытынды**

Қорытайтқанда кез-келген ұлттың дүниетанымы күнделікті санасы яғни, тұрмыс-тіршілігі, тарих бойындағы бастан кешкен жағдайларының әсерінің негізінде құндылыққа ие болады. Сондықтан бұл мақала Иран елінің жаһандану жағдайындағы ұлттық санасының қалыптасуы мен ұлттық болмысына қатысты элементтердің көрінісін көрсету әрекеті болып табылады. Әр кезеңдегі зиялы қауым өкілдерінің жетекші идеяларына тоқтала отырып, ирандық ұлттық сана мен болмысты нығайту мен жаңғыртудағы, қалыптастырудағы рөлін сипаттау және аналитикалық тұрғыдан талдауға ұмтылыс әрекеттері жасалды.

### *References:*

1. Iran // CIA – The World Factbook [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://www.cia.gov/library/publications/the-world-factbook/geos/ir.html> (accessed: 27.12.2022). [in English]
2. Aliyev S.M. History of Iran. XX century / Russian Academy of Sciences. Institute of Oriental Studies. - M. Institute of Oriental Studies of the Russian Academy of Sciences: Kraft, 2004. - 648 c. [in Russian]
3. The flow of intellectuals in Iran جریان روشنفکران در ایران [Electronic resource] – URL: <https://fa.wikipedia.org/wiki/>(accessed:27.12.2022). )( in Persian)
4. دکتر احمد اشرف / هويت ايرانی به سه روايت [Electronic resource] – URL: <https://bukharamag.com/1387.07.2865.html> // Ashraf A. Iranian Identity // Encyclopædia Iranica. 2009. Vol. 13. P. 523). (accessed:02.01.2023).( in Persian)

5. Gabrielyan S.I. Iranian enlighteners and their program of transformations in Persia in the second half of the XIX century. // *International Scientific Research Journal*. – 2019. – № 11-2 (89). – 145-148 S. [in Russian]
6. Galkina E.A. The formation of the nation and the ways of nationalism in Iran // *Bulletin of Ryazan State University named after S.A. Yesenin*. – 2011. – Issue 32. – pp.81-97. [in Russian]
7. Mohammad-Reza Adl. Ideological processes in Iran [Electronic resource]. URL <https://kartaslov.ru/книгу/> // (accessed: 03.12.2022) [in Russian]
8. [Electronic resource]. – 2016. URL: [https://journals.atu.ac.ir/article\\_2733.html](https://journals.atu.ac.ir/article_2733.html) .(accessed: 03.01.2023).// Nationalism and Iranian identity: a case study of the first Pahlavi period of Ali Ashraf Nazari. ( in Persian)
9. رضا زیری.تجدد گرایی و هویت ایرانی در عصر پهلوی. [ Electronic resource]. URL: <http://ensani.ir/fa/article/11684/> (accessed: 07.01.2023). Reza Zariri.Modernism and Iranian identity in the Pahlavi era.( in Persian)
10. Gods Mahmoud Reza. Iran in the XX century. Political history / per. from English M.:Nauka (The Main editorial office of Oriental literature), 1994. 355 p. [in Russian]
11. Mohammad Reza Pahlavi. To the great civilization . – Tehran: Publishing House of the Center for the Study of Political Culture of the Pahlavi Period, 1977. 350 p. ( in Persian)
12. Mansourian H. Iran: religious leaders and opposition movements // *J. of intern. affairs*. – N.Y., 2007.– Vol. 61.– P. 219–247.// [Electronic resource]. URL: <https://www.jstor.org/stable/24358088> (дата обрaу: 03.01.2023). [in English]
13. Gibadullin I.R. Mortaza Motakhhari and the ideology of Iranian nationalism. [electronic resource]. URL:[https://idmedina.ru/books/materials/turkology/1/islam\\_gibadullin.htm](https://idmedina.ru/books/materials/turkology/1/islam_gibadullin.htm) (accessed): 03.11.2022). [in Russian]
14. Boev E. B., Voronkova G. V. National policy of the Shah government of Iran in 1925-1979. [electronic resource]. URL: [https://www.gramota.net/articles/issn\\_1997-292X\\_20\\_15\\_12-1\\_05.pdf](https://www.gramota.net/articles/issn_1997-292X_20_15_12-1_05.pdf) (accessed: 03.01.2023). [in Russian] // Bazargan M. Religion and liberty // *Liberal Islam: A sourcebook* / Ed. by Kurzman Ch. – N.Y., Oxford: Oxford univ. press, 1998. – P. 73–84. (in Persian)
15. D.V.Mikhel. Ali Shariati's "Red Shiism": philosophy of the "middle school" and Islamic revolution in Iran. [electronic resource]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/krasnyy-shiizm-ali-shariati-filosofiya-sredinnoy-shkoly-i-islamskaya-revolyutsiya-v-irane/viewer>. (дата обрaу: 03.01.2023). [in Russian]
16. Ravandi-Fadai L. Features of national politics in modern Iran. [electronic resource]. URL: [https://cyberleninka.ru/article/n/features\\_of\\_national\\_policy\\_in\\_modern\\_Iran](https://cyberleninka.ru/article/n/features_of_national_policy_in_modern_Iran) (accessed: 05.11.2022). [in Russian]

#### Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Иран // ЦРУ-Дүниежүзілік фактілер анықтамалығы [электрондық ресурс] - қол жеткізу режимі: <https://www.cia.gov/library/publications/the-world-factbook/geos/ir.html> (өтініш берген күні: 27.12.2022).
2. Әлиев С.М. Иран Тарихы. XX ғасыр / Ресей Ғылым академиясы. Шығыстану институты. - М. Ресей Ғылым Академиясының Шығыстану институты: Крафт, 2004. - 648 Б. [орыс тілінде]
3. Ирандағы зиялы қауым جریان روشنفکران در ايران [Electronic resource] – URL: <https://fa.wikipedia.org/wiki/>(accessed:27.12.2022).).( in Persian)
4. [Electronic resource] – URL: <https://bukharamag.com/1387.07.2865.html> // Ашраф А. Ирандық бірегейлік // *Encyclopædia Iranica*. 2009. Vol. 13. P. 523). (accessed:02.01.2023).( in Persian)
5. Габриелян С.И. Ирандық ағартушылар және олардың XIX ғасырдың екінші жартысындағы Персиядағы трансформация бағдарламасы. // *Халықаралық ғылыми-зерттеу журналы*. - 2019. –№ 11-2 (89). – 145-148 Б. [орыс тілінде]
6. Галкина Е. А.Ирандағы ұлттың қалыптасуы және ұлтшылдық жолдары // С. А. Есенин атындағы Рязань мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2011. - 32 шығарылым. – Б. 81-97. [орыс тілінде]
7. Мұхаммед-Реза Адл. Ирандағы идеологиялық процестер [Электрондық ресурс]. URL мекенжайы <https://kartaslov.ru/книгу/> // (жүгінген күні: 03.12.2022) [орыс тілінде]
8. [Электрондық ресурс].]. – 2016. URL: [https://journals.atu.ac.ir/article\\_2733.html](https://journals.atu.ac.ir/article_2733.html) .(өтініш берген күні: 03.01.2023).// Ұлтшылдық және

ирандық сәйкестілік: Али Аишаф Назаридің алғашқы Пехлеви кезеңіндегі кейс-стади. (парсы тілінде)

9. رضا زيرى.تجدد گرايى و هويت ايرانى در عصر پهلوى . [Электрондық ресурс]. URL: <http://ensani.ir/fa/article/11684/>(қол жеткізілген күні: 07.01.2023). Реза Зарири.Пехлеви дәуіріндегі Модернизм және ирандық сәйкестік. (парсы тілінде)

10. Махмуд Реза Пехлеви. XX ғасырдағы Иран. Саяси тарих / трансл. М.: «Наука»(шығыс әдебиеті бас редакторы), 1994 ж. 355 Б. [орыс тілінде]

11. Мұхаммед Реза Пехлеви. Ұлы өркениетке . – Тегеран: Пехлеви кезеңіндегі саяси мәдениетті зерттеу орталығының баспасы, 1977 ж. 350 б. (парсы тілінде)

12. Мансуриан х. Иран: діни лидерлер және оппозициялық қозғалыстар // J. of intern. affairs. – Нью-Йорк, 2007. – 61 Том.– 219-247 ББ.// [Электрондық ресурс]. <https://www.jstor.org/stable/24358088>. өтініш берген күні: 20.12.2022

13. Гибадуллин И. Р. Мортаза Мотаххари және Иран ұлтшылдық идеологиясы. [Электрондық ресурс]. URL: [https://idmedina.ru/knapanar/materialdar/turkologiya/1/islam\\_gibadullin.htm](https://idmedina.ru/knapanar/materialdar/turkologiya/1/islam_gibadullin.htm)(қол жеткізілген күні: 03.11.2022). [орыс тілінде]

14. Боев Е. Б., Воронкова г. в. 1925-1979 жылдардағы Иран. Шах Үкіметінің ұлттық саясаты. [Электрондық ресурс]. URL: [https://www.gramota.net/articles/issn\\_1997-292X\\_20\\_15\\_12-1\\_05.pdf](https://www.gramota.net/articles/issn_1997-292X_20_15_12-1_05.pdf) (өтініш берілген күні: 03.01.2023). [орыс тілінде]

15. Д.В.Михель. "Красный шиизм" Али Шариати: философия "средней школы" и исламская революция в Иране. [электронный ресурс]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/krasnyy-shiizm-ali-shariati-filosofiya-sredinnoy-shkoly-i-islamskaya-revolyutsiya-v-irane/viewer>. (дата обрац: 03.01.2023). [по-русски]

16. Раванди-Фадай Л. Қазіргі Ирандағы ұлттық саясаттың ерекшеліктері. [Электрондық ресурс]. URL: <https://cyberleninka.ru/> (өтініш берілген күні: 05.11.2022). [орыс тілінде]